Эссе. Алаш жолы: ұлттық рухты біріктеткен ерекше көзқарас

Сөздің басын ұлтты оятқан, елді аяқтан тұрғызған „Алаш"-тан бастайық. Алаш жолы қандай? және неге оның жолы ерекше? XX ғасырдың күйзелу кезеңіндей болған Алаш зиялылары халықты қалай сауаттандырып, жарқын болашаққа итермеледі? - осы сұрақтарды бүгінгі эсседе талқылап, жауабын алатын боламын.

Біріншіден, Алаш - ең мықты қазақ зиялыларынан құрылған одақ. Құрамындағы тұлғалардың түпкі мақсаты бір, әрі мақсаты айқын. Сол заманның қанша қиыншылықтары мен қазақ ұрпағының жойылып бара жатқаны және осы мәселелерді анық көре отыра, еш әрекет жасамаған үкімет үлкен наразылық тудырды. Осы болып жатқан жағдайдың бәрі алашқа мықты рух пен ерекше көзқарас сыйлады. Күн сайын халықты оқытып, оларға болып жатқан жағдайға бей-жай қарамау керек екендігін түсіндіре білген алаш, өз жолын жастардан бастады. Кішкентай балаларға әліппені үйретіп, тақпақтар жаттатқызды. Жай емес, әр сөзінде терең ой мен зор мағына жатқан өлеңдерге баулыды. Бұл ісімен алаш тек балаларды емес, оларды бағып отырған әке-шешелерінде тәрбиелей алды.

Екіншіден, әттинші халық жиналыстарын

өткізіп, болып жатқан мәселені бар халыққа
жайған. „Әр қазағым - бауырым"- дегенмен әр қазақ
баласының өмірін сақтау керектігін, олар біз-
ге берілген аманат екендігін жақсылап ту-
сіндірді. Халық ойын ортаға салып, олардың өз
ойын ашық айтып жеткізуге үйрете білді.
Ауыл-үйлерді шарлап, әр отбасы түйсігінде
бірге болсын ой қалсын, деп жан салды.
Оян қазақ! көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты, - деген секілді
өлең жолдарымен барша ұлтты оятты.
Үшіншіден, Алаш үкіметтен қорықпады және
кез - келген жазаға дайын болды. Олардың сын-
байтын рухы мен өз елі үшін намысы
бар халыққа үлгі болды. Сталиннің лагері мен
қуғын-сүргіні оларды 1 секундқа да мазаламады.
Ұлттық рухтың биіктенуі және халықтың
сауаттануы бірте-бірте өз жемісін беріп жатты.
Халық үкіметтің көз жұмып отырған мәселе-
лерін көре бастады.
Қорытындылай келе, Әлихан Бөкейхан атамыз
құрған „Алаш жолы" әр қазаққа, өмірге олардың
көзқарасымен қарауға мүмкіндік берді. Шексіз
мүмкіндіктері бар өмірде, өздерін шектемеуді
үйретті және ең бастысы, қазақ рухын еш-
қашан түсірмеу керегін ойларына бекітті.
Алаш зиялылары ату жазасына кесілсе де,
бұл партия мүлде жойылса да, аманаты


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

нан қалдырған мұрасы өшпеді, өшпейді де. Олардың қазақ өміріне қосқан үлесі зор, әрі ауқымды. Сондықтан ерекше көзқарасты „Алаш тобы" ешқашан ұмытылмас, қазақ халқының бір бөлігі!